

## БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

**Білім беру бағдарламасының мақсаты:** Физика және жоғары мектептегі физиканы оқыту методологиясы бойынша білім мен ғылыми таным дағдыларына ие және білім беру процессінің озық технологияларын ескере отырып білім беру бағдарламаларын жасауға және іске асыруға қабілетті жоғары білікті PhD докторларын дайындау

### 1.1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

<b>Білім беру бағдарламасының түрі</b>	ағымдағы
<b>Білім беру бағдарламасының атауы</b>	8D01501-Физика
<b>Білім беру саласы</b>	8D01 Педагогикалық ғылымдар
<b>Даярлау бағыты</b>	8D015 Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау
<b>Білім беру бағдарламасының тобы</b>	D011 Физика педагогтарын даярлау
<b>Білім беру қызметін жүргізуге берілген лицензия №, күні, айы, жылы</b>	Білім беру бағдарламасы 8D01501-Физика бағыты бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетімен «04» тамыз 2020 ж. берілген № KZ75LAA00018542 лицензия негізінде іске асырылады
<b>БББ Тізіліміндегі № және тіркеу/жаңарту күні</b>	№8D01500019, БББ төлқұжатын жаңарту күні 25.08.2023 ж.
<b>ҰБШ бойынша деңгейі</b>	докторантура, 8-деңгей
<b>Берілетін дәреже</b>	8D01501 «Физика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы PhD
<b>Жалпы академиялық кредит саны</b>	180
<b>Оқу мерзімі</b>	3 жыл

### 1.2. УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТТРИБУТТАРЫ

#### **Бағдары:**

Тез өзгертін әлемде басқаруға қабілетті педагогтарды дамытатын зияткерлік платформа.

#### **Миссиясы:**

Білім беру саласында еліміздің және әлемнің игілігі үшін озық білім мен құндылықтарды жасай, дамыта және тарата алатын көшбасшы ұстаздарды қалыптастыру.

#### **Бағдарламалық мақсаты:**

Университет Орталық Азиядағы білім саласындағы оқытудың, оқудың және зерттеудің инновациялық әдістерінің, сондай-ақ ауыл мектептеріндегі білім беруді дамытудың хабына айналуы мақсат етеді.

#### **Құндылықтары:**

Толық адам тұлғасы, өз ісіне адалдық және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік.

#### **Университет тұлғаның атрибуттары:**

- Өз бетімен білім алып, өз тәжірибесінде рефлексия жасап, оны зерттей алады.
- Моральдық-этикалық құндылықтарға е ие және жауапкершілігі мол тұлғалар.
- Терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби мамандар.
- Шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлана алатын, топта жұмыс істеу және коммуникативтілік дағдылары жоғары дәрежеде.
- Тез өзгертін жағдайларға бейімделе алатын, оқу мен оқытудағы көшбасшылар.
- Әр түрлілікті құрметтейтін, инклюзивті және қоғамдағы теңдік үшін күресе білесін тұлға
-

### 1.3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

8D01501-Физика білім беру бағдарламасы циклдегі үшінші және аяқтаушы кезең болып табылады және талдамалық, зерттеу және оқытушылық қызмет дағдыларына ие, интеллектуалды еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, жана буынның жоғары білікті ғылыми-педагогикалық кадрларын даярлауға бағытталған. Ғылыми-зерттеу әдістерімен физика саласындағы ғылыми-педагогикалық мәселелерді өз бетінше қоюға және шешуге қабілетті. 8D01501-Физика білім беру бағдарламасы бойынша білім беру күндізгі бөлімде жүзеге асырылады. 8D01501-Физика» білім беру бағдарламасының көлемі 180 академиялық кредитті құрайды, 8D01501-Физика білім беру бағдарламасы жеке оқу жоспары бойынша жүзеге асырылады.

### 1.4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Академиялық ұтқырлық	-
Қосдипломды бағдарлама	-

**Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі**

1) Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университетімен (МПМУ, РФ) - 77%.

### 1.5. БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТІҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ

8D01501-Физика білім беру бағдарламасын аяқтайтын докторанттар келесі жерлерде жұмыс істей алады:

- жоғары оқу орындары;
- білім беру, физикалық өндіріс саласындағы мемлекеттік органдар;
- физика саласындағы ғылыми орталықтар, өндірістік және ғылыми-білім беру кешендерін басқару жөніндегі мемлекеттік органдар;
- эксперименттік-зерттеу, өндірістік-технологиялық, есептеу-талдамалық, жобалық-технологиялық, өндірістік мекемелер;
- басқару ұйымдары: жұмыс барысында физикалық зерттеу әдістерін қолдана отырып, мемлекеттік органдар, білім бөлімдері, меншіктің әр түрлі нысандары.

### 1.6. КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ

#### 1 кәсіби құзыреттілік саласы

- Білім саласында: мемлекеттік және мемлекеттік емес сектордың жоғары оқу орындарында физика пәнінің оқытушысы;

#### 2 кәсіби құзыреттілік саласы

- Түрлі деңгейдегі мемлекеттік мекемелеріндегі өндірістік және ұйымдастыру-басқару қызметі – ғылыми ұйымдарда, ҒЗИ

#### 3 кәсіби құзыреттілік саласы

- Өндірістік-технологиялық: жоғарыда аталған бағыттағы мекемелерде жұмыс істей отырып – ғылыми-зерттеу және эксперименттік-зерттеу: физикалық зертханаларда мамандар мен ғылыми қызметкерлер ретінде.

### 1.7. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

**ОН 1** – Ғылыми-педагогикалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістеріне ие.

**ОН 2** – Ауызша және жазбаша академиялық қарым-қатынаста еркін сөйлеу және әр түрлі зерттеу жұмыстарын немесе ғылыми-техникалық құжаттарды дайындау мен рәсімдеуде практикалық дағдыларды көрсетеді.

**ОН 3** – Ғылыми және педагогикалық зерттеулердің нәтижелерін түсіндіреді, олардың қолданылу шектерін, оларды ғылыми, білім беру және әлеуметтік-мәдени ортада іске асырудың мүмкін қауіп-қатерлерін, әрі қарай зерттеу перспективаларын бағалайды;

**ОН 4** – Физиканың әртүрлі салаларында зерттеу тобының жұмысын ұйымдастырады;

**ОН 5** – Жұмыс берушінің қажеттілігіне сәйкес оқу процесі мен қосымша кәсіби білім беру бағдарламаларын әзірлейді және жүзеге асырады;

**ОН 6** – Тұлғалық және кәсіби дамудың жоспарланған деңгейін қамтамасыз ету үшін білім беру технологияларын, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен құралдарын қолданады;

**ОН 7** – Ғылыми және білім беру қызметін талдау;

**ОН 8** – Физика саласындағы жоғары білім берудің негізгі білім беру бағдарламаларында оқытуға дайын екендігін көрсетеді.

**РО 9** – Жоғары деңгейдегі сыни және креативті ойлау дағдыларын меңгерген, кәсіби міндеттерді шешу үшін өзін-өзі реттеуге және рефлексияға қабілетті

**РО 10** – Цифрлық технологияларды зерттеу мен пайдалануда этикалық және құқықтық нормаларды білу мен сақтауды көрсетеді. Цифрлық ақпаратпен жұмыс істеу және деректерді қорғау кезінде қауіпсіздік шараларын қолданады, цифрлық ресурстарды белсенді, қауіпсіз және этикалық пайдалануға жәрдемдеседі.

### **БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы**

	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10	ОН11
ТА1	*	*		*		*	*		*	*	
ТА2		*						*			*
ТА3	*	*	*	*			*	*		*	*
ТА4			*		*						
ТА5			*		*						
ТА6	*			*		*	*	*	*	*	*

#### **1.8. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

**Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:**

1) Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы.

2) Педагог» кәсіби стандарты (Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығымен бекітілген);